

## Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 01 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 2024 жылғы 27 ақпандағы № 02 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 27.02.2024 № 02 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, Абай ауданының әкімі ШЕШТІМ:

1. Қарағанды облысы Абай ауданындағы Құрма ауылдық округінің Құрма ауылында және Мичурин ауылдық округінің Агрогородок ауылында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Абай ауданы әкімінің орынбасары Айдос Елеубекович Аскаров тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 10 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Абай ауданының әкімі*

*С. Оспанов*